

Әлкей Марғұланнның жеке дәптері



«Ertis» мультимедиялық музейі - мыңжылдықтар тоғысынан мәлімет беріп, тарих беттерін баяндайтын байлықтың ордасы. Бүгінде аталмыш музейде Ертіс-Баян жерінің ұлы тұлғаларының жеке заттары мен қолжазбалары сақтаулы. Олардың қатарында тарихшы Әлкей Марғұланнның 1927-1928 жылдары жазылған дәптері бар.



Академик Ә.Х. Марғұланнның жеке дәптері
Личная тетрадь академика А.Х. Маргулана
Personal notebook of academician A.Kh. Margulan

1927-1928 жылдар аралығында жазылған екен. Торайғыров университетінің базасында ашылған мұражай

жазып алғанға ұқсайды, - деді ол. Сондай-ақ, ғалымның қызы мына естелікті баян-

және орта ғасыр архитектурасы, көшпенділердің егін шаруашылығы, мәдениеті мен



Махаббат ТӨЛЕБАЙ

Шоқан Уәлихановтың әлемін ашқан ғалым-энциклопедист, халқымыздың рухани әрі материалдық мәдениетін зерттеушілердің бірегейі - Әлкей Хақанұлы.

«Ertis» музейі бөлімшесінің басшысы Гүлжайнат Әлиеваның айтуынша, «Ұлы даланың ұлы тұлғалары» атты музей залында аймағымыздан шыққан профессорлар, академик-ғалымдар, жазушы, өнер майталмандары мен қазақ кинокәсібінің негізін қалап, өлшеусіз үлесін қосқан тұлғалардың жеке заттары бар.

- Біздің музей қорындағы көне, құнды жәдігерлердің бірі - жерлесіміз, археология ғылымының іргетасын қалаған академик Әлкей Марғұланнның қолжазбасы. Бұл қойындәптер

кешенінде Әлкей Марғұлан атындағы археологиялық ғылыми-зерттеу орталығы бар. Міне, сол орталықпен тығыз қарым-қатынас жасаған Данел Әлкейқызы өкесінің жазбасын өкеліп тапсырған болатын. Қазір қолжазба «Ertis» музейінің залында тұр, - дейді Г.Әлиева.

Әлкей Хақанұлы 1925 жылы Ленинградтағы (қазіргі Ресейдің Санкт-Петербург қаласы) Шығыс институтының филология факультетіне оқуға түсіп, өнер тарихы институтында дәрістерге қатысып, қазақ тарихы мен мәдениетін зерттеумен айналысты.

- Бізге жеткен осы бір қолжазба арқылы ғалымның бірнеше тілді қатар меңгергенін аңғаруымызға болады. Себебі, Ленинградта жан-жақты білім алуды көздеген ол қойындәптерде байырғы орыс тілінен мағлұматтар



дады: «Өкем тәуліктің 16 сағатын ғылымға арнайтын. Қонаққа бару, кино тамашалап, серуендеу деген қарапайым адамның өмірін сүрмеді десем болады. Үнемі, бар уақыты ізденіспен өткен еді».

Ежелгі түрік жазуы, ежелгі

өнер тарихы және тағы да басқа іргелі еңбектер тудырған ғалымның көзілдірігі мен сағаты, бас киімі, жоғары оқу орнындағы оқырман билеттері, сонымен қатар жеке коллекция-сынан алынған қола дәуірінің келсабын да көруге болады.